


<p><b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 2 бөлім:</b> Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері мен заманауи музыкасы</p>	<p><b>Пән:</b> Музыка</p>	<p><b>Сынып: 5</b> <b>Күні:</b></p>	<p><b>Мектеп:</b> №38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназия</p>
<p><b>Қатысқандар:</b></p>	<p><b>Қатыспағандар:</b></p>		
<p><b>Сабақтың тақырыбы:</b></p>	<p><b><u>ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС-САЛТ ӘНДЕРІ</u></b></p>		
<p><b>Сабақ мақсаты:</b></p>	<p>1.Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері жайындағы түсініктерін қалыптастыру. 2.Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсіндіру</p>		
<p><b>Бағалау критерийлері</b></p>	<p>Қазақ салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін біледі. Музыканың жанрларын анықтай алады. Шығармашылық жұмыстарда өз ойларын ұсына алады.</p>		
<p><b>Құндылықтарды дарыту</b></p>	<p>-Басқалардың ойымен пікірін құрметтеу -Оқушылар арасында жақсы қарым қатынас орнату. -Оқушылар бір-бірін тыңдай біліп басқалардың жұмыстарына құрметпен қарап ойын жеткізе алу. -Оқушыларға мәдени және эстетикалық тәрбиені қалыптастыру.</p>		
<p><b>Пән аралық байланыс</b></p>	<p>Теориялық білімде «тарих» пәнімен байланыстыру, құндылық бөлімінде «өзін-өзі тану пәні, «АКТ» дағдыларын қолдану</p>		
<p><b>Сабақтың барысы:</b></p>	<p>Сабақтың жоспарланған кезеңдері:</p>		
<p><b>Сәлемдесу</b></p>			
<p><b>Тыныштық сәті (өзін-өзі тану пәнінің элементі)</b></p>	<p>«Дала» күйі <i>Талдауға арналған сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Көз алдарыңа не елестетіндер?</li> <li>• Бүгінгі сабақта не туралы өтетініміз жайлы кім айтады?</li> </ul>		
<p><b>Ой шақыру</b></p>	<p><b>Тұрмыс-салт жырлары</b> - қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-жораларына байланысты туындаған өлең-жырлар. Тақырыбы жағынан, қандай мақсатта қолданылуына орай бірнеше топқа жіктеледі: тұрмыс-салт өлеңдері (төрт түлік туралы өлеңдер, наурыз</p>		

өлеңдер),  
дінге байланысты салт өлеңдері  
(жарапазан, арбау, жалбарыну, бақсы сарыны, бәдік),  
үйлену салт өлеңдері (тойбастар, жар-жар, сыңсу, беташар),  
мұң-шер өлеңдері (қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау),  
өтірік өлеңдер, т.б.

Сонымен тұрмыс- сал әндері адам өмірге келгеннен бастап оның бүкіл өмірінің маңызды кезеңдерінен құралған оқиғаларды бейнелеп ән – жырға қосып осы уақытқа дейін қолданып кележатқан өнер жанры –**тұрмыс-сал әндері** деп аталады.



## Қазақ халқының тұрмыстық және лирикалық әндері



### Тыңдалым

«Салт-дәстүр жырлары» бейне ролик көрсету  
*Талдауға арналған сұрақтар:*

- Бейнероликте қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері туралы айтылды? (бесік жыры)
- Бесік жырының тәрбиелік мәні қандай? (балаға анасы кішкентай кезінен шын ниетінен тілеген тілегі, ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы, яғни баласының болашанығын ел мүддесін ойлатын азамат етіп тәрбиелеуге кішкентай кезінен мән беріп, бағыт береді)
- Бейнероликте көрсетілген бесік жырынан басқа қандай салт – дәстүрлерді білесіңдер? (тұсу кесер, тоқым қағар, бет ашар, той жыры т.б.)

### Топтық жұмыс

*Шығармашылық тапсырма*

Әр топ өз ойларынан бесік жырын құрап, орындайды.

### Дауыс қыздыру жаттығулары


Дыбыстық жаттығулар: а, о, ң

### Ән жаттау, орындау

*«Қазағымның дәстүрлері-ай» әні*

Қайта оралды қазағыма бүгін дәстүрлері-ай, Көптен күткен халқымыздың асығып арман еді-ай.

Берекелі қазақ жері - ел мерекелі,

	<p>Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.</p> <p>Шілдехана, бесік той, Тұсау кесер, сүндет той, Ай, шіркін ай. Құда түсіп, сырға салу, Беташарым-ай. Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен, Қызбозбала кеңдаланы Әнімен елітіп тербеткен</p>
<p><b>Әнге музыкалық талдау</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мен музыканың көңіл-күйін ...ойнақы</li> <li>• Әндегі динамика....қатты</li> <li>• Әндегі екпін....жылдам</li> <li>• Әндегі ырғақ....7 буынды</li> </ul>
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p>Әр топ «Алақан» әдісі арқылы бүгінгі сабаққа қорытынды жасайды.</p> <p>Бас бармақ – БІЛДІМ Сұқ саусақ – СЕЗІНДІМ Ортан терек – ОЙЛАНДЫМ Шылдыр шүмек – ШЕШТІМ Кішкентай бөбек – КЕЛІСЕМІН</p>  <p><b>Кері байланыс</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>Бас бармақ</b> – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды.</li> <li>2. <b>Балалы үйрек</b> – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?</li> <li>3. <b>Ортан терек</b> – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?</li> <li>4. <b>Шылдыр шүмек</b> – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?</li> <li>5. <b>Кішкентай бөбек</b> – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.</li> </ol>
<p><b>Үй жұмысы</b></p>	<p>Дауыс жаттығулары қайталау. Қазағымның дәстүрлері -ай әнін тыңдау ,жаттау. Қазақ халқының тұрмыс-салтымен кеңінен танысу.</p>

